



Автор: Амангелді Айғаным Амангелдіқызы

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Астана – мәдениет пен өнер ордасы

Тақырып: Астана - әсем қала

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	6.1.6.1.Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге , емле ережелеріне сүйеніп ,түзету ,редакциялау. \ 6.4.3.1. неологизм,термин ,диалект сөз ,кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу.
Сабақ нәтижесі:	Оқушылардың барлығы Ел орда – Астана қаласының тарихымен танысады. Оқушылардың көпшілігі Ауызекі тілдерін сұрақ- жауап арқылы дамыту арқылы сөз қорын молайтады, Астана туралы білімдерін, ойлау қабілеттерін дамытады. Оқушылардың кейбірі Тыңдаған үзіндінің толық мазмұнын түсіне алады; Оқиғаның логикалық дамуын көбіне дұрыс болжай алады.
Бағалау критерийлері	Берілген суреттерге қатысты тірек сөздерді анықтайды. Сөз қорын байыту арқылы оқушылардың құзыреттілігін жүзеге асырады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Қызығушылықты ояту кезеңі Сәлемдесу, сабаққа дайындық. Мұғалім оқушыларға «белгі беру» әдісімен бір-біріне жақсы тілектер тілеу арқылы сыныпта психологиялық ахуалды қалыптастыруларын ұсынады. Оқушылар бір-бірін түрту арқылы сабаққа тілек айтады. Топқа бөлу. Оқушыларға түрлі түсті ленталар таратылады. Шеңберге тұрып, шаңырақ құрады. Бірдей түсті ленталары бар оқушылар бір топқа отырады. Сұрақтарға жауап берейік: 1. Біз қай елде тұрамыз? 2. ҚР-ның президенті кім? 3. Қазақстан қандай мемлекет? 4. Қай жылы тәуелсіз алдық? 5. 2019 жылы тәуелсіздік алғанымызға неше жыл толады? 6. Қазақстан Республикасында неше астана болды? Өте жақсы балалар, жас мемлекетіміздің тарихымызды білеміз, және білуіміз керек, өйткені бұл біздің тарихымыз	
Сабақтың ортасы (20 минут)	Тыңдалым алдындағы тапсырма. С. «Ой қозғау» әдісі 1-тапсырма. Мұғалім оқушыларға Астана қаласының сурет өнерінің туындыларымен таныстырады. Суретте қандай сурет туындылары бейнеленгенін айтыңдар. Тірек сөздер бойынша сабақтың не туралы болатынын болжаңдар Тірек сөздер: Қала жаңа демалыс орындары Дескриптор: 1. Суреттер мен тірек сөздерге сәйкес тақырыпты болжайды. 2. Сөздердің мағынасын түсіндіреді. ҚБ. «Қол шапалақтау» әдісі Тыңдалым Т/Ж 2-тапсырма. Ой шақыру. Дескриптор 1. Тыңдаған мәтін негізінде 3 сұрақ дайындайды 2. Топ ішінде тапсырманы орындайды; 3. Сұрақтарға жауап береді.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (10 минут)	Рефлексия «Рухани жаңғыру» әдісі саусақ суретімен қағаз қиындылар тарату. Сабаққа байланысты саусақ бөліктеріне өз ойларын жазу. Алақанға тілек жазу.	